

Максаты: ПМПК корытындысы мен ұсыныстарына сәйкес және ПМПК корытындысыз білім алуда ерекше қажеттілігі бар мектеп оқушыларына оқу үрдісіне бейімделуін қалыптастыруда педагог-ассистенттің қолдауы.

Міндеттері:

1. Ерекше білім беруді қажет ететін мектеп оқушысын басқа мамандармен, мұғалімдермен, ата-аналармен бірлесіп отырып, баланың мінез-құлқындағы ерекшеліктерін және оқудағы қажеттіліктерін анықтау.
2. Ерекше білім беруді қажет ететін мектеп оқушысына жеке қолдау көрсету, психологиялық-педагогикалық кабинетте немесе сыныпта сүйемелдеу.
3. Оқытушыларға, ата-аналарға, басқа мамандарға ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларды оқу процесінде және үйде мінез-құлқымен жұмыс әдістері бойынша кеңес беру.

Жұмыстың негізгі бағыттары:

1. Ұйымдастырушылық жұмыс.
2. Мінез-құлқы ерекшеліктерін, мәселелерін анықтау және оқушыларды педагог-ассистенттік қолдаудың (көмек) мазмұнын анықтау.
3. Оқушыларға педагог-ассистенттік қолдау және оның тиімділігін бақылау.
4. Кенестік-әдістемелік қызмет.
5. Өзін-өзі дамыту.

НЕГІЗГІ ЖҰМЫС БАҒЫТТАРЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

| № п/п | Жұмыс мазмұны | өткізу мерзімі | күтілетін нәтиже |
|---|---|------------------------|--|
| 1. Ұйымдастырушылық жұмыс | | | |
| 1.1 | Оқу жылының басталуына материалдар мен жұмыс орнын дайындау | тамыз қыркүйек | 1) ата-аналармен сұхбат, баланы бақылау хаттамалары; 2) оқушының сабақтағы іс-әрекетін бақылау хаттамасы; 3) тұжырымдама \мінездеме\ парағы 4) қарым-қатынас парағы |
| 1.2 | Бір жылға арналған жұмыс жоспары | қыркүйек | жұмыстың жылдық жоспары |
| 1.3 | Құжаттаманы рәсімдеу және жүргізу: 1) сабақ кестесін құру; 2) бақылау күнделігі | қыркүйек және жыл бойы | 1) сабақ кестесі; 2) бақылау күнделігі; 3) кеңестерді тіркеу журналы |
| 1.5 | Жылдық рефлексиялық есеп құрастыру | мамыр | жылдық рефлексиялық есеп |
| 2. Мінез-құлқы ерекшеліктерін, мәселелерін анықтау және оқушыларды | | | |

| педагог-ассистенттік колдаудын (көмек) мазмұнын анықтау | | | |
|--|--|------------|---|
| 2.1 | <p>Оқушылардың мінез-құлқы мен қажеттіліктерін зерттеу:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сабақта бақылау; 2) ата-аналармен сұхбат және сауалнамалар; 3) баланы еркін іс-әрекетін бақылау; 4) оқушының «Коммуникативтік паспортын» зерттеу | қыркүйек | <ol style="list-style-type: none"> 1) оқушыларды сабақта бақылау хаттамасы; 2) әңгімелесу хаттамасы немесе толтырылған сауалнама; 3) баланы еркін іс-әрекетін бақылау хаттамасы; 4) тұжырымдама |
| 2.2 | <p>Оқушылардың оқу қиындықтарының көріністерін және олардың себептерін ұжымдық талқылау</p> | қыркүйек | Оқушыға тұжырымдама |
| 2.3 | <p>Оқушылармен жұмысты жоспарлау:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) оқушыларға жеке оқу бағдарламасына (ПМПК ұсыныстарына сәйкес) сай сынып жетекшісімен бірлесе отырып оқу тапсырмаларын, дидактикалық құралдарды дайындау. | қыркүйекте | <ol style="list-style-type: none"> 1) тапсырмалар, дидактикалық құралдар |
| 3. Оқушыларды педагог-ассистенттік колдау және оның тиімділігін бақылау | | | |
| 3.1 | <p>Сабақтарда көрсетілетін жұмыс және көмек түрлері</p> | жыл бойы | <p>Сабақта қолданылатын құралдары</p> |
| 3.2 | <p>Мінез-құлқымен жұмыс тиімділігі</p> | | <p>Мінез-құлқыты түзету хаттамасы</p> |

| | | | |
|---------------------------------------|---|----------|------------------------|
| 3.3 | Жетістіктерін бағалау | жыл бойы | Қолдау бағдарламасы |
| 4. Кенестік-әдістемелік қызмет | | | |
| 4.1 | Ата-аналарға жеке кенес беру (ата-анасының қалауы бойынша немесе қажет болған жағдайда) | | Кенесті тіркеу журналы |
| 4.2 | Мұғалімдерге жеке кенес беру | | Кенесті тіркеу журналы |
| 5. Өзін-өзі дамыту | | | |
| 5.1 | Біліктілікті арттыру курстарынан өтуді жоспарлау: (тақырыбын көрсету) | | сертификат |
| 5.2 | Дөңгелек үстел, семинар, конференцияларға қатысу | | бағдарламалары |

Кітапшада 5 (Бес) бет нөмірленіп, түптелді

Мектеп директоры



Б. Абдилдаева

